

Академия Ғылыми Кеңесінің
2022 жылғы 25 ақпандағы
шешімімен бекітілген,
№ 12 хаттама

**«7M04106 - Экономика»
магистратураның білім беру бағдарламасы**

1. Бағдарламаның атауы: «7M04106 – Экономика» магистратураның білім беру бағдарламасы (даярлау бағыты «7M041 – Бизнес және басқару»).

2. Оқу мерзімі: 2 жыл

3. Кредиттер саны (ECTS): 122

4. Бағдарламаның сипаттамасы:

Бағдарлама үздік әлемдік тәжірибелерді ескере отырып әзірленді және қазіргі заманғы экономикалық ойлау қабілеті бар, экономика саласындағы құзыреттерді меңгерген, сыни ойлауға және тиімді басқарушылық шешімдер қабылдауға қабілетті мемлекеттік қызметшілерді даярлауға бағытталған.

Магистр дәрежесін алу үшін 122 несиені игеру және магистрлік жобаны қорғау қажет. Теориялық блоктың 82 кредитінің ішінен магистрантқа кәсіптік мамандануына және оқытудың жеке траекториясына сәйкес курстарды таңдау үшін элективті пәндер каталогынан 16 кредитті таңдау мүмкіндігі беріледі.

5. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері:

Мақсаты: әлеуметтік-экономикалық проблемалардың негізделген басқарушылық шешімдерін қабылдау және экономика мен мемлекеттік басқару арасындағы тиімді синергияны ұйымдастыру үшін қазіргі заманғы экономикалық ойлау қабілеті бар, экономикалық талдау әдістерін меңгерген мемлекеттік қызметшілерді даярлау.

Бағдарламаның міндеттері:

- экономикалық талдау жүргізу және басқарушылық шешімдер қабылдау үшін ақпаратты жинау және өңдеу әдістерін үйрету;
- ел, сала, өңір деңгейінде экономикалық процестерді талдау және модельдеу бойынша құзыреттерді қалыптастыру;
- елдің экономикалық саясатын бағалау және іске асыру, әртүрлі деңгейлерде экономикалық шешімдер қабылдауға факторлардың ықпалын болжау бойынша құзыреттерді қалыптастыру;
- мемлекеттік аппаратқа қойылатын талаптарға сәйкес келетін мемлекеттік қызметшілердің жеке қасиеттері мен құзыреттерін дамыту.

6. Бағдарламаның артықшылықтары:

- оқытудың құзыреттілік тәсілі, оқытудың интерактивті әдістерін қолдана отырып, нақты жағдайларды шешу арқылы оқытудың практикаға және нәтижеге бағдарлануы;
- аралас салаларда білім мен дағдыларды алуға мүмкіндік беретін пәнаралық тәсіл;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында және шетелде тәжірибеден және тағылымдамадан өту мүмкіндігі;
- 2 дипломдық білім алу мүмкіндігі;
- ұлттық экономиканы дамытудың өзекті мәселелерін шешуге бағытталған магистрлік жобаны орындау;
- үш тілді оқыту: қазақ, орыс, ағылшын. Сыни ойлау мен коммуникативтік дағдыларды дамытуға бағытталған, ағылшын және мемлекеттік тілдерді тереңдете оқыту;
- «Жобаларды басқару» курсын сәтті игерген жағдайда «ҚР СТ ISO 21500-2014 жобаларды басқару бойынша нұсқаулық» Ұлттық стандарты бойынша сертификаттау мүмкіндігі;
- Ассесмент-орталық арқылы құзыреттерді бағалау нәтижелері негізінде оқытудың жеке траекториясы;
- жетекші лектор-практиктерді, «Visiting Professors» және жоғары деңгейдегі сарапшыларды тарту;

– кәсіби және сараптамалық нетворкингті дамыту, әртүрлі министрліктер мен ведомстволардың мемлекеттік қызметшілермен өзара іс-қимыл, өзара оқыту (peer learning).

7. Оқудан күтілетін нәтижелері:

– Стресске төзімділік: сынға сабырлықпен жауап береді, кемшіліктерді жою бойынша шаралар қабылдайды. Сыни жағдайларда қажет емес ақпаратты електен өткізіп, жұмыстағы ахуалды сақтайды.

– Бастамашылдық: ұлттық экономиканың жұмыс істеу тиімділігін арттыруға бағытталған инновациялық тәсілдер мен шешімдерді енгізу бойынша талдау негізінде ұсыныстар енгізеді.

– Жауапкершілік: мемлекеттік қызметшілер өз міндеттерін ашықтық және есептілік қағидаттарына нақты сәйкестікте орындау үшін жеке жауапкершілігін үнемі ескереді.

– Парасаттылық: этикалық нормалар мен стандарттардың сақталуын бақылайды, ұжымда сенім мен құрмет атмосферасын қалыптастырады, қарамағындағы қызметкерлердің іс-әрекеттерінде ашықтық пен әділдік қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етеді.

– Ынтымақтастық және өзара іс-қимыл: мемлекеттік органның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін әріптестермен, басқа да мемлекеттік органдармен, ұйымдармен өзара қарым-қатынас құра алады.

– Қызметтерді тұтынушыға бағдарлану және оны ақпараттандыру: көрсетілетін қызмет сапасына қанағаттанушылықтың тұрақты мониторингі, заңнамада белгіленген шараларды қолдана отырып, туындайтын мәселелерді жедел шешу. Қызмет алушыға ақпаратты жеңіл, түсінікті етіп жеткізе білу.

– Қызметті басқару: жоспарлау, іске асыруды ұйымдастыру және бақылау, ресурстарды аз жұмсай отырып, экономиканы дамытудың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ететін экономикалық процестерді талдау дағдыларына ие.

– Шешім қабылдау: экономикалық процестерді дамыту мен экономикалық саясатты іске асырудағы ықтимал тәуекелдер мен салдарларды талдап, болжам жасайды және оларды ескере отырып, басқарушылық шешімдерді қабылдайды.

– Көшбасшылық: мемлекеттік органның мақсаттарына тиімді қол жеткізу үшін қолдау ала отырып, қызметкерлер мен құрылымдық бөлімшелерге әсер етіп, ықпалын тигізе алады.

– Стратегиялық ойлау: қолда бар ресурстар мен ықтимал тәуекелдерді ескере отырып, мемлекеттік органның дамуын жоспарлауға және болжауға, жалпы көрінісін болжамдауға қабілетті. Ел экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ұзақ мерзімді шешімдер қабылдауға қабілетті.

– Жеделділік: экономикада болып жатқан өзгерістерге талдау жүргізеді және оларды жақсарту бойынша уақытылы шешімдер қабылдайды.

8. Бағдарламаның құрылымы және академиялық контент:

Семестр	Пәннің атауы	ECTS
1	Мемлекеттік басқару	4
	Ағылшын тілінде кәсіби коммуникация стратегиялары	3
	Ұйымдастырушылық мінез-құлық және этика	3
	Жобаларды басқару	3
	Микроэкономикалық талдау	4
	Қолданбалы статистика әдістері	3
	Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – МЭЗЖ)	10
1 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		30
2	Макроэкономикалық талдау	4
	Әлемдік экономика	4
	Мемлекеттік тілде кәсіби коммуникация стратегиялары	3
	Эконометрика	4
	Элективті пәндер каталогынан таңдау компоненті	8
	Өндірістік практика	4
	Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – МЭЗЖ)	5
2 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		32
3	Мемлекеттік қаржы және фискальдық басқару	4

	Экономикалық өсу және тұрақты даму	4
	Стратегиялық менеджмент және көшбасшылық	4
	Мінез-құлық экономикасы	4
	Элективті пәндер каталогынан таңдау компоненті	8
	Тағылымдама	2
	Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – МЭЗЖ)	4
3 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		30
4	Мемлекет және бизнес	3
	Әлеуметтік әл-ауқат және мемлекеттік саясат	4
	Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық превенциясы	4
	Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – МЭЗЖ)	7
	Қорытынды аттестация (магистрлік жобаны рәсімдеу және қорғау)	12
4 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		30
Теориялық білім+практика бойынша барлығы		82
Қорытынды аттестация (магистрлік жобаны рәсімдеу және қорғау)		12
Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – МЭЗЖ)+тағылымдама		28
МІНДЕТТІ ТҮРДЕ МЕҢГЕРУГЕ АРНАЛҒАН КРЕДИТТЕРДІҢ САНЫ		122